

"Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 10 шілдедегі № 322 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2026 жылғы 10 тамыздағы № 899 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 11 тамызда № 39558 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 10 шілдедегі № 322 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20957 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН .";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидалары бекітілсін.";

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас әскери-медициналық басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларының орындалуы туралы мәліметтерді

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық мүдделі лауазымды адамдарға және құрылымдық бөлімшелерге жеткізілсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрі

Д. Косанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрлігі

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрі
2026 жылғы 10 тамыздағы
№ 899 бұйрығына
қосымша

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің халықтың
санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік қызметтерді
көрсету қағидалары**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің объектілеріне және (немесе) Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне тиесілі аумақта орналасқан объектіге қолданылады және:

1) мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау объектісінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери қалашықтары мен оқу-жаттығу орталықтарының аумағында орналасқан объектідегі гигиеналық нормативтерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру;

2) Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің объектілеріне және (немесе) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне тиесілі аумақта орналасқан

санитариялық қорғау аймақтары мен санитариялық-қорғау аймақтары бойынша қоршаған ортаға зиянды заттар мен физикалық факторлардың жол берілетін шекті шығарындылары мен жол берілетін шекті төгінділерінің нормативтік құжаттама жобаларының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру;

3) санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының телнұсқасын беру, қолданысын қайта бастау, қолданысын тоқтату, қайта ресімдеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) санитариялық-эпидемиологиялық сараптама – органолептикалық, санитариялық-гигиеналық, микробиологиялық, вирусологиялық, паразитологиялық, санитариялық-химиялық, иммундық-биологиялық, молекулалық-генетикалық, токсикологиялық, радиологиялық, радиометриялық, дозиметриялық өлшеулердің, электр-магниттік өрістер мен физикалық факторларды өлшеулердің, басқа да зерттеулер мен сынақтардың кешені, сондай-ақ жобалардың, өнімнің, кәсіпкерлік және (немесе) өзге де қызмет объектілерінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігін бағалау мақсатында жобалардың сараптамасы;

2) санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды – мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау мен қадағалау объектілерінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігін растайтын құжат;

3) иондаушы сәулелену көзі – радиоактивті заттар, құрамында радиоактивті заттар бар аппараттар немесе құрылғылар, сондай-ақ иондаушы сәуле шығаратын немесе шығаруға қабілетті электрофизикалық аппараттар немесе құрылғылар;

4) интернет-ресурс – бірегей желілік мекенжайы және (немесе) домендік аты бар және Интернетте қолданылатын аппараттық-бағдарламалық кешенде орналастырылған ақпарат (мәтіндік, графикалық, аудиовизуалды немесе өзге де түрде).

2-тарау. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау объектісінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери қалашықтары мен оқу-жаттығу орталықтарының аумағында орналасқан объектілердегі гигиеналық нормативтерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру тәртібі

3. "Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау объектісінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери қалашықтары мен оқу орталықтарының аумағында орналасқан объектілердегі гигиеналық нормативтерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындылар беру

" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – объектіге мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Санитариялық-эпидемиологиялық орталығы және оның бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) "Е-лицензиялау" elicense.kz порталы (бұдан әрі – портал) цифрлық жүйесі арқылы көрсетеді.

4. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау объектісінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны (бұдан әрі – объектіге санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды) алу үшін жеке кәсіпкер ретінде жеке тұлға немесе заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы осы Қағидаларға 2-қосымшада көзделген нысан бойынша өтініш және осы Қағидаларға 1-қосымшада көзделген Объектіге мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – Объектіге мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесі) 8-тармағына сәйкес құжаттарды жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" объектіге мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақытын көрсетіп, объектіге мемлекеттік көрсетілетін қызметке өтініштің қабылданғаны туралы белгі жіберіледі.

5. Көрсетілетін қызметті беруші өтініш түскен күні оны тіркейді. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғанға дейін екі сағат бұрын немесе жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және объектіге мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

6. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері объектіге мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттың деректері туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), жеке тұлғаны жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші " цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйеден алады.

7. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған кезде көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері осы Қағидалардың 6-тармағында көзделген мерзімде анықталған кемшіліктер көрсетілетін цифрлық күту парағы арқылы өтінішті қабылдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы тоқтата тұру мерзімі шегінде анықталған кемшіліктерді жойғаннан кейін құжаттарды қайта ұсынады.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті алушыға анықталған кемшіліктерді жою үшін дұрыс мерзім белгіленеді, ол объектіге мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесінің 3-

тармағында белгіленген объектіге тиісті мемлекеттік қызмет көрсетудің жалпы мерзіміне кірмейді және одан аспауға тиіс.

Кемшіліктер жойылған жағдайда объектіге мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға өтініш пен құжаттарды қабылдау күні көрсетілетін қызметті алушының алғашқы жүгінген күні болып есептеледі.

Объектіге мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі анықталған кемшіліктер жойылған сәттен бастап жаңартылады.

Анықталған кемшіліктер белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері өтініш пен құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Объектіге мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарлама осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушыға электрондық құжат түрінде жіберіледі.

8. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын және мәліметтерді ұсынған кезде көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері 8 (сегіз) жұмыс күні ішінде және көрсетілетін қызметті алушы объектіге қолжетімділікті берген кезде көрсетілетін қызметті алушыны объектіде болу туралы алдын ала хабардар етіп, болумен объектінің мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық нормалау жүйесі құжаттарының талаптарына сәйкестігін тексереді. Оның нәтижесі бойынша 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша объектіні санитариялық-эпидемиологиялық тексеру актісі ресімделеді.

9. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген объектіні санитариялық-эпидемиологиялық тексеру актісі және объектіге мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттар негізінде объектіні тексергеннен кейін оң қорытынды болған кезде 2 (екі) жұмыс күні ішінде объектіге санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны ресімдейді және береді.

10. Көрсетілетін қызметті беруші объектіге мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту туралы шешім қабылдаған кезде көрсетілетін қызметті алушы бас тарту себептерін көрсетіп, көрсетілетін қызметті алушыға дәлелді бас тартуды жібереді.

Объектіге мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартылған кезде көрсетілетін қызметті алушымен тыңдау жүргізілмейді.

11. Цифрлық жүйе істен шыққан кезде көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде "цифрлық үкіметтің" операторын хабардар етеді.

Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның (бұдан әрі – Заң) 5-бабы 2-тармағының 11)

тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді объектіге мемлекеттік қызмет көрсету мониторингісінің цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Көрсетілетін қызметті беруші объектіге мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты өтініштерді қабылдауды және объектіге мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беруді жүзеге асыратын ұйымдарға, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

3-тарау. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің объектілеріне және (немесе) Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне тиесілі аумақта орналасқан санитариялық қорғалған аймақтармен санитариялық қорғау аймақтары бойынша қоршаған ортаға зиянды заттар мен физикалық факторлардың жол берілетін шекті шығарындысы мен жол берілетін шекті төгіндісі жөніндегі нормативтік құжаттама жобаларының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру тәртібі

12. "Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің объектілеріне және (немесе) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне тиесілі аумақта орналасқан санитариялық қорғалған аймақтар мен санитариялық қорғау аймақтары бойынша қоршаған ортаға зиянды заттар мен физикалық факторлардың жол берілетін шекті шығарындылары мен жол берілетін шекті төгінділерінің нормативтік құжаттама жобаларының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – жобаларға мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсетілетін қызметті беруші портал арқылы көрсетеді.

13. Санитариялық қорғау аймақтары мен санитариялық-қорғау аймақтары бойынша қоршаған ортаға зиянды заттар мен физикалық факторлардың жол берілетін шекті шығарындылары мен жол берілетін шекті төгінділерінің нормативтік құжаттама жобаларының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны (бұдан әрі – жобаларға санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды) алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 6-қосымшада көзделген нысан бойынша өтінішті және осы Қағидаларға 5-қосымшада көзделген Жобаларға мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – Жобаларға мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесі) 8-тармағына сәйкес құжаттарды портал арқылы жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жобаларға мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақытын көрсетіп, жобаларға мемлекеттік көрсетілетін қызметке өтініштің қабылданғаны туралы белгі жіберіледі.

14. Көрсетілетін қызметті беруші өтініш түскен күні оны тіркейді. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғанға дейін екі сағат бұрын немесе жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және жобаларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

15. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері жобаларға мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толық болуын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттың деректері туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), жеке тұлғаны жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйеден алады.

16. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері осы Қағидалардың 15-тармағында көзделген мерзімде анықталған кемшіліктер көрсетілетін цифрлық күту парағы арқылы өтінішті қабылдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы тоқтата тұру мерзімі шегінде анықталған кемшіліктерді жойғаннан кейін құжаттарды қайта ұсынады.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті алушыға анықталған кемшіліктерді жою үшін дұрыс мерзім белгіленеді, ол жобаларға мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесінің 3-тармағында белгіленген жобаларға тиісті мемлекеттік қызмет көрсетудің жалпы мерзіміне кірмейді және одан аспауға тиіс.

Кемшіліктер жойылған жағдайда жобаларға мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға өтініш пен құжаттарды қабылдау күні көрсетілетін қызметті алушының алғашқы жүгінген күні болып есептеледі.

Жобаларға мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі анықталған кемшіліктер жойылған сәттен бастап жаңартылады.

Анықталған кемшіліктер белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері өтініш пен құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Жобаларға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарлама осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушыға электрондық құжат түрінде жіберіледі.

17. Көрсетілетін қызметті алушы жобаларға мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері объектіге бармай-ақ 6 (алты) жұмыс күні

ішінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігіне құжаттарға санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізеді.

18. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері жобаларға мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттардың халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігіне санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізгеннен кейін оң қорытынды болған кезде 2 (екі) жұмыс күні ішінде жобаларға санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны ресімдейді және береді.

19. Көрсетілетін қызметті беруші жобаларға мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту туралы шешім қабылдаған кезде көрсетілетін қызметті алушы бас тарту себептерін көрсетіп, көрсетілетін қызметті алушыға дәлелді бас тартуды жібереді.

Жобаларға мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылған кезде көрсетілетін қызметті алушымен тыңдау жүргізілмейді.

20. Цифрлық жүйе істен шыққан кезде көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде "цифрлық үкіметтің" операторын хабардар етеді.

Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес жобаларға мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Көрсетілетін қызметті беруші жобаларға мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты өтініштерді қабылдауды және жобаларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беруді жүзеге асыратын ұйымдарға, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

4-тарау. Санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының телнұсқасын беру, қолданысын қайта бастау, қолданысын айыру, қолданысын тоқтату, қайта ресімдеу тәртібі

21. Қағазда берілген санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды жоғалған, бүлінген кезде көрсетілетін қызметті алушының санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының телнұсқасын алуға мүмкіндігі бар.

Егер санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды қағазда берілсе, көрсетілетін қызметті алушының өтініш бойынша оларды электрондық форматқа ауыстыруға және объектіге санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының электрондық нысанын алуға мүмкіндігі бар.

Көрсетілетін қызметті беруші санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының телнұсқасын беруді немесе электрондық форматқа ауыстыруды "Рұқсаттар және

хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабына сәйкес жүзеге асырады.

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының телнұсқасын беру немесе электрондық форматқа ауыстыру үшін көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға 7 -қосымшаға сәйкес портал арқылы өтініш жібереді. Көрсетілетін қызметті алушының " жеке кабинетіне" портал арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметке өтініштің қабылданғаны туралы белгі, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі. Көрсетілетін қызметті беруші өтініш түскен күні оны тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғанға дейін екі сағат бұрын немесе жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады .

Көрсетілетін қызметті беруші 2 (екі) жұмыс күні ішінде санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының телнұсқасын береді немесе электрондық форматқа ауыстырады не теріс қорытынды болған кезде көрсетілген мерзімде көрсетілетін қызметті алушыға санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының телнұсқасын беруден дәлелді бас тартуды дайындайды және жібереді.

22. Объектіге санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының қолданысын тоқтата тұру үшін эпидемиялық маңызы бар объектінің берілген санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды бойынша біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкес келмеуі негіз болып табылады.

23. Объектіге санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының қолданысын тоқтатуды объектіге санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды берген көрсетілетін қызметті беруші жүзеге асырады, ол халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган басшысының немесе ол болмаған кезде оны алмастыратын адамның шешімімен ресімделеді.

Объектіге санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының қолданысын тоқтату мерзімі бір айдан алты айға дейін болады.

24. Объектіге санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны тоқтату туралы шешім шығарылған кезде көрсетілетін қызметті беруші шешім шығарылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шешімде көрсетілген мерзімге объектіге санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының қолданысын тоқтату туралы мәліметтерді рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізіліміне енгізеді.

25. Объектіге санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының қолданысын қайта бастау үшін көрсетілетін қызметті алушының объектіге

санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны тоқтата тұру үшін негіз болған бұзушылықтарды жою фактісін растау негіз болып табылады.

26. Объектіге санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны тоқтата тұру үшін негіз болған бұзушылықтар жойылған кезде көрсетілетін қызметті алушы объектіге санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының қолданысын тоқтата тұру мерзімі өткенге дейін объектіге санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны тоқтата тұру үшін негіз болған растайтын құжаттардың көшірмесін қоса беріп, көрсетілетін қызметті берушіге бұзушылықтарды жою туралы өтініш беруге құқылы.

27. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушы бұзушылықтарды жою туралы өтініш берген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде көзделген тәртіппен бұзушылықтардың жойылуын тексереді. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының бұзушылықтарды жою фактісін растаған кезде рұқсаттың қолданысын қайта бастау туралы шешім қабылдайды, ол халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган басшысының немесе ол болмаған кезде – оның орнында болатын адамның шешімімен ресімделеді.

28. Объектіге санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыдан айыру "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде көзделген тәртіппен соттың күшіне енген шешімі бойынша жүзеге асырылады.

29. Объектіге санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының қолданысын тоқтату үшін негіз болған бұзушылықты белгіленген мерзімде жоймау объектігесанитариялық-эпидемиологиялық қорытындыдан айыру үшін негіз болып табылады.

30. Объектіге санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыдан айыру туралы сот шешімі күшіне енген кезде көрсетілетін қызметті беруші күшіне енген сот шешімін алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде оны халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органға жібереді.

31. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган көрсетілетін қызметті берушіден күшіне енген сот шешімін алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде рұқсаттың қолданысын тоқтату туралы шешім қабылдайды, ол халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган басшысының немесе ол болмаған кезде – оны алмастыратын адамның шешімімен ресімделеді.

32. Санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының қолданысын тоқтату үшін мыналар негіз болып табылады:

- 1) санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыдан айыру;
- 2) рұқсат беру тәртібінің күшін жою;

3) өтініш берушінің заңды тұлғаның қызметін тоқтату немесе оны тарату туралы жолданымы;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайлар.

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының қолданысы тоқтатылған сәттен бастап эпидемиялық маңызы бар объектіде қызметті жүзеге асыруға жол берілмейді.

Эпидемиялық маңызы бар объектідегі қызмет ерікті түрде тоқтатылған немесе заңды тұлға таратылған жағдайда өтініш беруші күнтізбелік үш күн ішінде көрсетілетін қызметті берушіні бұл жөнінде хабардар етуге міндетті.

33. Санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны қайта ресімдеу:

1) құжаттағы қателер (қате басылған) анықталған;

2) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 45-бабында көзделген заңды тұлға қайта ұйымдастырылған;

3) объектінің орналасқан жерінің мекенжайы іс жүзінде ауыстырылмай өзгерген;

4) заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкер ретінде жеке тұлғаның атауы өзгерген жағдайда;

5) объектінің нысаналы мақсатын, жүзеге асырылатын қызмет түрін, технологиялық процесін, қуатын өзгертпей және объектіге құрылымдық өзгерістер енгізбей, басқа тұлға қолданыстағы объектіге меншік құқығына ие болған кезде объектіні тексермей жүзеге асырылады.

34. Осы Қағидалардың 33-тармағында көзделген жағдайда санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны қайта ресімдеу кезінде көрсетілетін қызметті алушы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны қайта ресімдеуге негіз болған тиісті өзгерістер туралы растайтын құжаттармен бірге осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес өтініш жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" портал арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметке өтініштің қабылданғаны туралы белгі, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі. Көрсетілетін қызметті беруші өтініш түскен күні оны тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғанға дейін екі сағат бұрын немесе жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері осы Қағидалардың 6, 7, 10 және 15, 16, 19-тармақтарында көзделген ұқсас рәсімді жүзеге асырады.

Оң қорытынды болған кезде көрсетілетін қызметті беруші 4 (төрт) жұмыс күні ішінде санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны қайта ресімдейді не теріс

қорытынды болған кезде көрсетілген мерзімде санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны қайта ресімдеуден дәлелді бас тартуды дайындайды және көрсетілетін қызметті алушыға жібереді.

35. Санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны қайта ресімдеу бұрын берілген санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды туралы мәліметтерді міндетті түрде көрсете отырып жүргізіледі.

36. Көрсетілетін қызметті беруші растайтын құжаттарды ұсынбаған немесе тиісінше ресімдемеген кезде осы Қағидалардың 33-тармағында көзделген негіздер бойынша бастама жасалған санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны қайта ресімдеуден бас тартады.

5-тарау. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

37. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың қызметкерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Тікелей мемлекеттік қызметті көрсететін көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны арқылы алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды сотқа дейінгі тәртіппен қарауды жоғары әкімшілік орган, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым шешімі, әрекеті (әрекетсіздігі) шағымданатын көрсетілетін қызметті берушіге беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған көрсетілетін қызметті беруші шағым түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті беруші, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік іс-әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағымданғаннан кейін сотқа жүгінуге рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрлігінің
халықтың санитариялық-
эпидемиологиялық саламаттылығы
саласындағы мемлекеттік
қызметтерді көрсету
қағидаларына
1-қосымша

"Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау объектісінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери қалашықтары мен оқу-жаттығу орталықтарының аумағында орналасқан объектідегі гигиеналық нормативтерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы: "Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау объектісінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери қалашықтары мен оқу-жаттығу орталықтарының аумағында орналасқан объектідегі гигиеналық нормативтерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы (бар болса): - санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының телнұсқасын беру; - санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының қолданысын қайта бастау; - санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының қолданысын тоқтату; - санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны қайта ресімдеу.		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Санитариялық-эпидемиологиялық орталығы және оның бөлімшелері
2	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері	"цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы
3	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	13 (он үш) жұмыс күні
4	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	электрондық (ішінара цифрландырылған)
5	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап
	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті	

6	алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі
7	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және акпаратобъектілерінің жұмыс графигі	Жұмыс графигі: 1) көрсетілетін қызметті берушіде: Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күнінен басқа, дүйсенбіден бастап жұмаға дейінгіні қоса алғанда, сағат 13.00-ден 15.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. 2) порталда: тәулік бойы (жөндеу жұмысын жүргізуге байланысты техникалық үзілісті қоспағанда). Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғанға дейін екі сағат бұрын немесе жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күні жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және қызмет көрсету нәтижесін беру Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.
		1.1. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау объектісінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери қалашықтары мен оқу-жаттығу орталықтарының аумағында орналасқан объектідегі гигиеналық нормативтерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру: - осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық-цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш; - көрсетілетін қызметті алушы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алу үшін қажетті

Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесін

зертханалық-құралдық зерттеуге (сынауға), өлшемге сәйкесзертхана жүргізген зерттеу (сынау), өлшеу хаттамаларының электрондық көшірмелерін осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № ҚР ДСМ-84 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24082 болып тіркелген) нысанда қоса тіркейді;

- объектінің кадастрлық паспорты (2023 жылғы 1 шілдеге дейін объектінің техникалық паспорты).

1)
санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының телнұсқасын беру:

- осы Қағидаларға 7-қосымшада көзделген нысан бойынша өтініш;

2)
санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының қолданысын қайта бастау:

- осы Қағидаларға 7-қосымшада көзделген нысан бойынша өтініш;

- көрсетілетін қызметті алушының объектіге санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны тоқтату үшін негіз болған бұзушылықты жойғанын растайтын құжаттар;

3)
санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының қолданысын тоқтату:

- осы Қағидаларға 7-қосымшада көзделген нысан бойынша өтініш;

4)
санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны қайта ресімдеу:

- осы Қағидаларға 7-қосымшада көзделген нысан бойынша өтініш (қажеттінің астын сызып көрсету).

Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы куәліктерді немесе анықтамаларды, жеке кәсіпкер ретінде жеке тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы

		куәліктерді көрсетілетін қызметті алушы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйеден өзі алады.
9	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсетуден бас тарту негізі	1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің сәйкес келмеуі, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті сараптаманың, зерттеудің не тексерудің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға теріс қорытындысы; 3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды қажет ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы; 4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнайы құқықтан айырылған; 5) көрсетілетін қызметті алушының "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 8-бабының 4-тармағына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге берілетін келісімінің болмауы. 6) осы Қағидалардың 7-тармағында көзделген негіз бойынша объектілерге мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру мерзімі өткеннен кейін анықталған кемшіліктерді жоймау.

10	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар	1. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайы elicense.kz интернет-ресурсында орналастырылған. 2. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болғанда портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға құқығы бар. 3. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету белгісі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті" арқылы, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде алуға құқығы бар. 4. Мемлекеттік қызметті портал арқылы көрсеткен кезде нашар көретін адамдарға арналған нұсқа қолжетімді. 5. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметінің байланыс телефондары elicense.kz интернет-ресурсында көрсетілген. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.
----	--	---

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрлігінің
халықтың санитариялық-
эпидемиологиялық
саламаттылығы саласындағы
мемлекеттік қызметтерді
көрсету қағидаларына
2-қосымша
Нысан

басшының тегі, аты, әкесінің
аты (бар болса)

мемлекеттік орган атауы

өтініш иесінің тегі, аты,
әкесінің аты (бар болса)

жеке сәйкестендіру нөмірі/
бизнес сәйкестендіру нөмірі

өтініш иесінің мекенжайы

өтініш иесінің байланыс
телефоны

Өтініш

Сізден _____
(аудан, көше, үй, пәтер) бойынша орналасқан _____
объектінің мақсатты арналуын _____
тексеруді және оған санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беруді сұраймын

Цифрлық жүйеде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

қолтаңбасы, күні, айы, жылы

Қосымша (құжаттардың көшірмелері):

- 1.
- 2.

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрлігінің
халықтың санитариялық-
эпидемиологиялық саламаттылығы
саласындағы мемлекеттік
қызметтерді көрсету
қағидаларына
3-қосымша
Нысан

тегі, аты, әкесінің аты
(бар болса)

(көрсетілетін қызметті
алушының мекенжайы)

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарлама

Осы Қағидаларға 1-қосымшаның 9-тармағына сәйкес Сізге көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) ондағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігі анықталғанына байланысты халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартылды, атап айтқанда:

- 1) _____;
- 2) _____;
- 3) _____;
- 4) _____.

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы
мемлекеттік органның басшысы немесе ол болмағанда – оның орнында болатын
адам _____

_____ тегі, аты,
_____ әкесінің аты (бар болса) (қолтаңба)

20 __ жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрлігінің халықтың
санитариялық-эпидемиологиялық
саламаттылығы саласындағы
мемлекеттік қызметтерді көрсету
қағидаларына 4-қосымша
Нысан
А4 форматы

Санитариялық-эпидемиологиялық тексеру АКТІСІ

Мен (Біз) _____

лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бұдан әрі – Т.А.Ә.)

_____ мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органының атауы,
мыналардың: _____ (_____
тексеруге қатысқан басқа мамандарды көрсету)

_____ қатысуыммен мамандар болғанда:

(лауазымды адамның немесе жеке кәсіпкер ретінде жеке тұлғаның лауазымы, Т.А.Ә
)

_____ Заңды тұлға басшысының Т.А.Ә. немесе жеке тұлғаның Т.А.Ә.

_____ (объектінің, заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкер ретінде жеке тұлғаның атауы)
_____ тексеру жүргізілді.

_____ Тексеру түрін көрсету

20 __ жылғы " __ " _____ сағат __ минутта басталды.

Тексеру кезінде мыналар анықталды:

Қорытынды: _____

(санитариялық қағидалар талаптарын бұзу тармақтарын көрсету)

Гигиеналық нормативтердің және өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптары бұзылған тармақтарды көрсетіңіз _____

Қолтаңбасы

Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органының лауазымды адамы _____

басқа да қатысқан мамандар, куәгерлер

Тексеру кезінде қатыстым және актінің данасын алдым

Заңды тұлға өкілінің немесе лауазымды адамның немесе жеке кәсіпкердің лауазымы және Т.А.Ә. _____

Адамның қол қоюдан бас тарту туралы белгі _____

20 __ жылғы " __ " _____ сағат __ минутта аяқталды.

Акт 20 __ жылғы " __ " _____ данада жасалды.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс
министрлігінің халықтың
санитариялық-
эпидемиологиялық саламаттылығы
саласындағы мемлекеттік қызметтерді
көрсету қағидаларына
5-қосымша

"Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің объектілеріне және (немесе) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне тиесілі аумақта орналасқан санитариялық қорғау аймақтары мен санитариялық-қорғау аймақтары бойынша қоршаған ортаға зиянды заттар мен физикалық факторлардың жол берілетін шекті шығарындылары мен жол берілетін шекті төгінділерінің нормативтік құжаттама жобаларының халықтың

санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы: "Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің объектілеріне және (немесе) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне тиесілі аумақта орналасқан санитариялық қорғау аймақтары мен санитариялық-қорғау аймақтары бойынша қоршаған ортаға зиянды заттар мен физикалық факторлардың жол берілетін шекті шығарындылары мен жол берілетін шекті төгінділерінің нормативтік құжаттама жобаларының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру". мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауы: - қоршаған ортаға зиянды заттар мен физикалық факторлардың шекті жол берілетін шығарындылары мен шекті жол берілетін төгінділерінің нормативтік құжаттамасының жобаларына санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алу; - санитариялық қорғау аймағының, санитариялық-қорғау аймағының нормативтік құжаттамасының жобаларына санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алу; - санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны қайта ресімдеу; - санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының телнұсқасын беру.		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Санитариялық-эпидемиологиялық орталығы және оның бөлімшелері
2	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері	"цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы
3	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	10 (он) жұмыс күні
4	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	электрондық (ішінара цифрландырылған)
5	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшеріжәне Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі
		Жұмыс графигі: 1) көрсетілетін қызметті берушіде: Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұмаға дейінгіні қоса алғанда, сағат 13.00-ден 15.00-ге дейінгі түскі

7	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін; 2) порталда: тәулік бойы (жөндеу жұмысын жүргізуге байланысты техникалық үзілісті қоспағанда). Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғанға дейін екі сағат бұрын немесе жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.
		1."Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің объектілеріне және (немесе) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне тиесілі аумақта орналасқан санитариялық қорғау аймақтары мен санитариялық-қорғау аймақтары бойынша қоршаған ортаға зиянды заттар мен физикалық факторлардың жол берілетін шекті шығарындылары мен жол берілетін шекті төгінділерінің нормативтік құжаттама жобаларының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру": 1) қоршаған ортаға зиянды заттар мен физикалық факторлардың шекті жол берілетін шығарындылары мен шекті жол берілетін төгінділерінің нормативтік құжаттамасының ж о б а л а р ы н а санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алу үшін: - осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш; - қоршаған ортаға зиянды заттар мен физикалық факторлардың шекті жол берілетін шығарындылары мен шекті жол

Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

берілетін төгінділерінің нормативтік құжаттамасының жобасының электрондық көшірмесі;

2) санитариялық қорғау аймағының, санитариялық-қорғау аймағының нормативтік құжаттамасының жобаларына санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алу үшін:

- санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны қайта ресімдеу;

- осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

- санитариялық қорғау аймақтарын белгілеу, пайдалануға берілген объектілердің белгіленген

санитариялық-қорғаныш аймақтарын өзгерту жөніндегі нормативтік құжаттама жобасының электрондық көшірмесі (белгіленген (түпкілікті) және белгіленген есептік (алдын ала) үшін);

- нақты зерттеу мен өлшеудің жылдық циклі хаттамасы (белгіленген (түпкілікті) үшін);

3)

санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны қайта ресімдеу;

- осы Қағидаларға 7-қосымшада көзделген нысан бойынша өтініш;

4)

санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының телнұскасын беру:

- осы Қағидаларға 7-қосымшада көзделген нысан бойынша өтініш.

Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметті, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу)

туралы куәлікті немесе анықтаманы, жеке кәсіпкер

ретінде жеке тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті

көрсетілетін көрсетілетін қызметті алушы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйеден өзі алады.

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсетуден бас тарту негізі

- 1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;
- 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;
- 3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды қажет ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;
- 4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқықтан айырылған;
- 5) көрсетілетін қызметті алушының "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 8-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге берілетін келісімінің болмауы;
- 6) осы Қағидалардың 7-тармағында көзделген негіз бойынша объектілерге мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру мерзімі өткеннен кейін анықталған кемшіліктерді жоймау.

1. Мемлекеттік қызмет көрсету орнының мекенжайы elicense.kz интернет-ресурсында орналастырылған.
2. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болғанда

10	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескерілгенөзге де талаптар	портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға құқығы бар. 3. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету белгісі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде алуға құқығы бар. 4. Мемлекеттік қызметті портал арқылы көрсету кезінде нашар көретін адамдарға арналған нұсқа қолжетімді. 5. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметінің байланыс телефондары elicense.kz интернет-ресурсында көрсетілген. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.
----	---	---

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрлігінің
халықтың санитариялық-
эпидемиологиялық саламаттылығы
саласындағы мемлекеттік
қызметтерді көрсету
қағидаларына
6-қосымша
Нысан

басшының тегі, аты, әкесінің
аты (бар болса)

мемлекеттік орган атауы

өтініш иесінің тегі, аты,
әкесінің аты (бар болса)

жеке сәйкестендіру нөмірі/
бизнес сәйкестендіру нөмірі

өтініш иесінің мекенжайы

өтініш иесінің байланыс
телефоны

Сізден _____

(жобаның атауы)

жобалық құжаттамаға санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізуді және санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беруді сұраймын.

Цифрлық жүйеде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Қосымша (құжаттардың көшірмесі):

1.

2.

Қолтаңбасы, күні, айы, жылы

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрлігінің
халықтың санитариялық-
эпидемиологиялық саламаттылығы
саласындағы мемлекеттік
қызметтерді көрсету
қағидаларына
7-қосымша
Нысан

басшының тегі, аты,
әкесінің аты (бар болса)

мемлекеттік орган атауы

өтініш иесінің тегі, аты,
әкесінің аты (бар болса)

жеке сәйкестендіру нөмірі/
бизнес сәйкестендіру нөмірі

өтініш иесінің мекенжайы

өтініш иесінің байланыс телефоны

Өтініш

Сізден санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының телнұсқасын беруді, электрондық форматқа ауыстыруды, қолданысын тоқтата тұруды, қолданысын қайта бастауды, қолданысын тоқтатуды, қайта ресімдеуді сұраймын (қажеттінің астын сызу) _____
(нөмірі, берілген күні,

санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды берген органның атауы) _____
_____ аудан, көше, үй,
пәтер мекенжайы бойынша орналасқан объектінің берілген атауы, жобаның атауы (
қажеттінің астын сызу) _____

_____ мынадай негіз (негіздер) бойынша*:

- 1) құжаттағы қателерді (қате терілгенді) анықтау _____;
- 2) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 45-бабында көзделген заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру _____;
- 3) объектінің орнын нақты ауыстырмай, оның орналасқан жерінің мекенжайын өзгерту _____;
- 4) заңды тұлғаның немесе көрсетілетін қызметті алушы жеке кәсіпкерінің атауын өзгерту _____;
- 5) объектінің мақсатты арналуын, жүзеге асырылатын қызмет түрін, технологиялық процесті, объектінің қуаттылығын және құрылымдық өзгерістерін өзгертпей, басқа тұлға қолданыстағы объектіге меншік құқығын алған кезде _____

Осы өтінішпен:

- 1) барлық көрсетілген деректер ресми байланыс болып табылатыны және оларға рұқсат ету құжатын беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпарат жіберілетіні;
- 2) соттың өтініш иесіне осы қызмет түрімен айналысуға тыйым салмағаны;
- 3) барлық қоса берілген құжат шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатыны;
- 4) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 8-бабының 4-тармағында көзделген цифрлық жүйеде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

Қолтаңбасы, күні, айы, жылы

Қосымша (құжаттардың көшірмелері)

* Санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны қайта ресімдеген жағдайда толтырылады.

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрлігінің
халықтың санитариялық-
эпидемиологиялық саламаттылығы
саласындағы мемлекеттік
қызметтерді көрсету
қағидаларына
8-қосымша
Нысан
Тегі, аты, әкесінің аты

(бар болса)

(көрсетілетін қызметті
алушының мекенжайы)

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарлама

Осы Қағидаларға 5-қосымшаның 9-тармағына сәйкес Сізге көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оның ішіндегі деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігі анықталғанына байланысты халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартылды, атап айтқанда:

1. _____;
2. _____;
3. _____;
4. _____.

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның басшысы немесе ол болмағанда – оның орнында болатын адам _

_____ Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолтаңба)

20 ____ жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасы Қорғаныс
министрлігінің халықтың
санитариялық-эпидемиологиялық
саламаттылығы саласындағы
мемлекеттік қызметтерді көрсету
қағидаларына
9-қосымша

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алу үшін қажетті зертханалық-құралдық зерттеулер (сынақтар), өлшемдер

Зерттеу (сынақ), өлшем түрі	Өлшеу немесе сынама алу орны
1. Білім беру және тәрбиелеу объектісі, білім беру объектісінің жатақханалары, арнайы, түзету кабинеті (орталығы), балалар мен жасөспірімдерге арналған оңалту орталығы:	
Микроклиматты зерттеу: температура, салыстырмалы ылғалдылық	Қабылдау бөлмесі, жатын бөлме, оқу үй-жайы, шеберхана, спорт және музыка залы, медициналық кабинет, демалу және ұйықтау үй-жайы, компьютерлік сынып
Суды зерттеу:	
1) орталықтандырылған сумен жабдықтау кезінде су құбыры жүйесінен алынатын су (бактериологиялық және санитариялық-химиялық зерттеу)	ғимараттағы, ас блогындағы су беретін шүмек (бөлек блокта орналасқан кезде)

2) орталықтандырылмаған сумен жабдықтау кезінде жергілікті сумен жабдықтау көзінен алынатын ауызсу (бактериологиялық, санитариялық-химиялық)	құдық, ұңғыма, каптаж бен бұлақ, су беретін шүмек
3) бактериологиялық, санитариялық-химиялық, паразитологиялық зерттеуге су	жүзу бассейні мен ванна (бар болса)
4) әкелінетін сумен жабдықтау кезінде ауызсу	Суды сақтайтын ыдыс
Физикалық факторды зерттеу:	
1) электрмагниттік, электрстатикалық өрістің кернеуі, шу	компьютерлік және мультимедиялық сынып (кабинет) (бар болса)
2) жасанды жарықтандыру деңгейі	оқу үй-жайы, зертхана, шеберхана, өзін-өзі дайындау бөлмесі, оқу залы, медициналық кабинет
1. Сауықтыру және санаторлық объекті, база, демалыс орны, медициналық-әлеуметтік оңалту объектісі:	
Бактериологиялық, санитариялық-химиялық көрсеткішке әкелінетін сумен жабдықтау кезінде су сақтайтын ыдыстан жергілікті сумен жабдықтау көзінен (орталықтандырылған, құдық, ұңғыма, каптаж) алынатын ауызсу	ас блогы
Бактериологиялық, санитариялық-химиялық, вирусологиялық, паразитологиялық зерттеуге алынатын су	Жабық, ашық жүзу бассейні, ванна, жағажай (бар болса)
Паразитологиялық, бактериологиялық көрсеткіш (жылдың жылы мезгілінде)	топырақ, құм (құм, жағажай болғанда)
Микроклиматты зерттеу: температура (жылыту кезеңінде), салыстырмалы ылғалдылық	Жатын бөлме, оқу үй-жайы, кітапхана, мәдени-бұқаралық іс-шаралар мен демалуға арналған үй-жай, компьютерлік сынып, қызметтік-тұрмыстық бөлме, кір жуатын орын, ас ішетін зал, буфет, физиотерапиялық кабинет, массаж кабинеті, медициналық үй-жай, спортзалы, секциялық сабақ өткізу бөлмесі, рекреация, вестибюль, гардероб, ас үй, спорт залының киім ауыстыратын бөлмесі, бассейн ваннасы бар үй-жай, душ бөлмесі (бар болса)
Жасанды жарықтандыру деңгейі	Оқу, ойын бөлмесі мен үйірме бөлмесі, жатын бөлме, дене шынықтыру және бассейн залы, рекреация
Микробиологиялық, физикалық-химиялық, токсикологиялық, радиологиялық көрсеткіш	Емдік балшық (бар болса)
3. Қоғамдық тамақтану объектісі, борттық тамақтану объектісі, көліктегі қоғамдық тамақтану объектісі (теміржол, әуе, су және автомобиль):	
Микроклиматты зерттеу: температура, салыстырмалы ылғалдылық, ауа қозғалысының жылдамдығы (жылдың суықмезгілінде)	Өндірісті күй-жай, қойма үй-жайы
Суды бактериологиялық және санитариялық-химиялық көрсеткішке зерттеу	Ғимараттағысу беру шүмегі (орталықтандырылған сумен жабдықтау кезінде); құдық, ұңғыма, каптаж және бұлақ, су беру шүмегі (орталықтандырылмаған сумен жабдықтау кезінде)
Тоңазытқыш және технологиялық жабдық жұмыс істеген кезде желдету жабдығынан болатын шу (	

тұрғын ғимараттың жапсарлас салынған үй-жайында)	желдету қондырғысы, жабдық орналасқан жер
Жарықтандыруды өлшеу	өндірістік үй-жай, қойма үй-жайы, келушілерге арналған зал
4. Азық-түлік өнімін қайта өңдеу, өндіру объектілері:	
Микроклиматты зерттеу: температура, салыстырмалы ылғалдылық, ауа қозғалысының жылдамдығы (жылдың суық мезгілінде)	өндірістік үй-жай, қойма үй-жайы
Суды бактериологиялық, санитариялық-химиялық көрсеткішке зерттеу	ғимараттағысу беру шүмегі (орталықтандырылған сумен жабдықтау кезінде); құдық, ұңғыма, каптаж және бұлақ, су беру шүмегі (орталықтандырылмаған сумен жабдықтау кезінде)
Тоңазытқыш және технологиялық жабдық жұмыс істеген кезде желдету жабдығынан болатын шу (тұрғын ғимаратта, жапсарлас салынған үй-жайда)	желдету қондырғысы, жабдық орналасқан жер
5. Денсаулық сақтау объектілері:	
Микроклиматты зерттеу: температура, салыстырмалы ылғалдылық	Ерекше режимдегі үй-жайлар: операциялық, емшара бөлмесі, манипуляциялық, стерильдеу бөлімшесі, жаңа туған нәрестелерге арналған палата, босандырудан кейінгі палата, бокс, реанимация залы, қарқынды терапия палатасы
Суды бактериологиялық және санитариялық-химиялық көрсеткішке зерттеу	Ғимараттағысу беру шүмегі (орталықтандырылған сумен жабдықтау кезінде); құдық, ұңғыма, каптаж және бұлақ, су беру шүмегі (орталықтандырылмаған сумен жабдықтау кезінде)
Жарықтандыруды өлшеу	Ерекше режимдегі үй-жайлар: операциялық, емшара, манипуляциялық бөлме, аясы тар бейінді мамандардың қабылдау кабинеті (офтальмолог, хирург, акушер-гинеколог, травматолог, стоматолог), жаңа туған нәрестелерге арналған палата, реанимация залы, қарқынды терапия палатасы, қан дайындау үй-жайы
Шу деңгейі	операциялық бөлме
Электрлік және магниттік өрісті өлшеу	физиотерапиялық, диагностикалық кабинеттердегі жұмыс орнында
Дозиметрлік өлшеу	иондаушы сәулелену көзімен жұмыс істеу кезінде жұмыс орны, аралас үй-жай мен аумақ
6. Дәрілік заттарды өндіру, дайындау объектілері:	
Микроклиматты зерттеу: температура, салыстырмалы ылғалдылық, ауа алмасу жиілігі	ассистенттік, дәріханалық ыдысты стерильдеу, дистилляциялау, өлшеп-орау орындары, асептикалық жағдайда дәрі түрлерін дайындау үй-жайы, сақтау үй-жайы
Суды бактериологиялық және санитариялық-химиялық көрсеткішке зерттеу	ғимараттағы су беру шүмегі
Жарықтандыруды өлшеу	ассистенттік, дәріханалық ыдысты стерильдеу, дистилляциялау, өлшеп-орау орындары, асептикалық жағдайда дәрі түрлерін дайындау үй-жайы, сақтау үй-жайы, қызмет көрсету залы
7. Өндірістік объектілер:	

Микроклимат параметрін зерттеу	жұмыс орны
Физикалық фактор және иондалмаған сәулелену параметрін зерттеу	физикалық фактор көзі болғанда жұмыс орны
Дозиметрлік өлшеу	иондаушы сәулелену көзімен жұмыс істеген кезде жұмыс орны
Жұмыс аймағы ауасының параметрін зерттеу	жұмыс орындары (зиянды химиялық заттардың көзі болғанда)
8. Радиотехникалық объектілер:	
Электрмагниттік өріс деңгейі	өндірістік үй-жай, санитариялық- қорғаныш аймағының шекарасы, құрылысты шектеу аймағы
9. Радиациялық-қауіпті объектілер:	
Физикалық фактор және иондалмаған сәулелену параметрін зерттеу	физикалық фактор көзі болғанда жұмыс орны
Дозиметрлік өлшеу	жұмыс орны, жапсарлас үй-жай, ұйымның аумағы
10. Жолаушыларды жеткізуді жүзеге асыратын ұйымдар мен көлік құралдары (теміржол, су, әуе):	
Микроклимат параметрін зерттеу (температура, салыстырмалы ылғалдылық, ауа қозғалысының жылдамдығы)	қызметтік және жолаушылар үй-жайы
Суды бактериологиялық және санитариялық-химиялық көрсеткішке зерттеу	конструкциясында сумен жабдықтау жүйесі көзделген көлік құралдары үшін
Физикалық фактордың шу, діріл) және иондалмаған сәулелену параметрін (зерттеу	қызметтік және жолаушылар үй-жайы
Көлік құралдары үй-жайының ауасындағы зиянды заттарды зерттеу, оның ішінде шаңдылық	қызметтік және жолаушылар үй-жайы
Жарықтандыруды өлшеу	Қызметтік және жолаушылар үй-жайы
11. Шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау объектілері:	
Суды зерттеу: бактериологиялық, санитариялық-химиялық зерттеу	су алу нүктелері
Жерүсті көздері үшін паразитологиялық көрсеткішке суды зерттеу	су алу нүктелері
Суды радиологиялық зерттеу	сумен жабдықтаудың жаңа көзі үшін
12. Су объектілері (мәдени-тұрмыстық мақсаттағы), демалыс орындары:	
Суды зерттеу: бактериологиялық, санитариялық-химиялық, паразитологиялық зерттеу	пайдалану орны
Топырақты паразитологиялық зерттеу	жағажай (бар болса)
13. Тамақ өнімін көтерме сақтау және (немесе) өткізу объектілері, химиялық заттар мен өнімді, агрохимикат пен пестицидті (ұлы химикатты) сақтау қоймалары, вакцина мен иммунологиялық (иммундық-биологиялық) дәрілік препаратты сақтау және жеткізу объектілері	
Микроклиматты зерттеу: температура, салыстырмалы ылғалдылық	қойма үй-жайы, жұмыс орны
Жарықтандыруды өлшеу	жұмыс орны
Тұрғын ғимараттарда және өзге мақсаттағы ғимараттарда орналасқан объектілер үшін шу мен дірілді өлшеу	жұмыс істеп тұрған жабдықтан, оның ішінде желдеткіш жабдықтан
Электрмагниттік және сәулеленудің өзге де түрін зерттеу	физикалық фактор көзі болғанда жұмыс орны

Зиянды заттардың болуына жұмыс аймағының ауасын зерттеу (өнеркәсіптік үлгідегі тоңазытқыш жабдығын пайдаланатын объекті үшін)	жұмыс орны
14. Патогендігі I-IV топтағы патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істейтін зертханалар:	
Микроклиматты зерттеу: температура, салыстырмалы ылғалдылық	зерттеу үй-жайы, жұмыс орны
Жарықтандыруды өлшеу	жұмыс орны
Шу мен дірілді өлшеу	жұмыс істеп тұрған жабдыктан, оның ішінде желдеткіш жабдыктан
15. Спорттық-сауықтыру мақсатындағы объекті, бассейн, монша мен сауна	
Суды бактериологиялық және санитариялық-химиялық көрсеткішке зерттеу	су беру шүмегі (орталықтандырылған сумен жабдықтау кезінде); құдық, ұңғыма, каптаж және бұлақ, су беру шүмегі (орталықтандырылмаған сумен жабдықтау кезінде)
Суды бактериологиялық, санитариялық-химиялық, паразитологиялық зерттеу	жабық жүзу бассейні және ванна (бар болса)
Микроклиматты зерттеу: температура, салыстырмалы ылғалдылық, ауа қозғалысының жылдамдығы, 1 сағаттық ауа алмасу жиілігі	Вестибюль, гардероб, киім ауыстыратын бөлме, жуынатын бөлме, душ бөлмесі, булау бөлмесі, массаж бөлмесі, қызметкерлер үшін тұрмыстық үй-жай
16. Дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау құралдарын және (немесе) препаратын сақтау объектілері, сондай-ақ дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау құралдарын және (немесе) препаратын пайдаланып, жемді, тұзакты, жұмыс ерітіндісін дайындау және (немесе) бөліп- орау жұмысы жүзеге асырылатын объектілер	
Микроклиматты зерттеу: температура, салыстырмалы ылғалдылық	қойма үй-жайы, жұмыс орны
Жарықтандыруды өлшеу	жұмыс орны
Тұрғын ғимараттарда және өзге мақсаттағы ғимараттарда орналасқан объектілер үшін шу мен дірілді өлшеу	жұмыс істеп тұрған жабдыктан, оның ішінде желдеткіш жабдыктан
Электрмагниттік және сәулеленудің өзге де түрін зерттеу	физикалық фактор көзі болғанда жұмыс орны
Зиянды заттардың болуына жұмыс аймағының ауасын зерттеу (өнеркәсіптік үлгідегі тоңазытқыш жабдығын пайдаланатын объектілер үшін)	жұмыс орны